

№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы

1-Мамыр халықтар достығы мерекесі
«Достық мерекесі»



Тәрбиешілер: Ж.Тәти
Г.Даменова

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін:



№14 «Шолпан» бөбекжай-бақша
әдіскері: К.Байқадамова
«29» «04» 2024 ж

Достық мерекесі

Міндеті: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету. Әлеуметтік, шығармашылық, танымдық, коммуникативтік дағдылармен физикалық қасиеттерді дамыту

Балалардан қазақ халқының ұлттық киімдерін, тағамдары, ойындары туралы сұрай отырып, басқа да ұлт өкілдерінің өздеріне тән салт – дәстүрлері мен ұлттық тағамдары, киімдері мен ойындары болатындығы туралы ақпарат береді. -«Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер? - Сендер қандай ұлттың өкілдерін білесіңдер? - Сендердің достарыңның арасында басқа ұлттың балалары бар ма? - «Дос» сөзін қалай түсінесіңдер?

- Балалар біздің ұлтымыз қандай?

- Қазақ

- Біз қай тілде сөйлесеміз?

- Қазақ тілінде.

Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.

Лулий шеңбері, Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.

Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді. **Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту**

«Жандандыру». «Достық шарлары» сурет салу.

Балалар, ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?

- Шар, жалауша.

- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.

- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?

- Тіктөртбұрышқа

- Түсі қандай болады?

- Көк болады.

- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?

- Домалак, сопақша.

- Түстері қандай болады?

- Қызыл, көк, жасыл, т. б

Жарайсыңдар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалак, сопақша болады екен. Қане алдарындағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық. (Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады) Салынып, аяқталған суретке «Достық шарлары» деп ат қойып, топ ішіне көрме ұйымдастыру. **Сурет салу, математика негіздері**

3 Д сурет арқылы тақпақтар жаттату. **Көркем әдебиет**

Достық туымыз,

Достық әніміз.

Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Достықты үлгі санаған,

Бір үйде біз тұрамыз.

Қалған ата-бабадан,

Бірлік асыл мұрамыз.

Бұзылмасын сәніміз,

Барлық ұлттар бірлесіп.

Қазақстан жерінде,

Жасасын той мереке.

«Достар алаңы» Қимылды ойыны

Әр жерге түрлі-түсті шығыршық (обруч) қоямын. Балалар қолдарына шар ұстап көңілді музыка әуенімен билейді. Әуен тоқтаған кезде балалар шардың түсіне қарай шығыршықты тауып, «дастар алаңына» бес баладан бірігеді. Алаңға кіріп үлгермеген бала доссыз қалады. Ойыны 2-3 рет қайталауға болады.

Орыс халқының киім үлгісін сай пішіндерге ермексаз және қағаз орнату, пішіндерді ажырату. **Жапсыру, мүсіндеу**

Қағаздан пазл құрастыру, ұлт өкілдерін атау. **Құрастыру**

«Достық мектебі» ойыны. Шарты: Арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады. Көпірден біз өтеміз, Достық мектебіне жетеміз. Көпірден өткін ақырын, Айт, досыңның аты кім? Көпірден түгел өттік біз, Достық мектебіне жеттік біз. Балалар достарының атын атап, көпірден өтеді. **Дене шынықтыру**

